

Геоморфология

Жер бетінің құрылымын, шығу тегін, даму тарихын және жер бедерінің қазіргі өзгерістерін зерттейді

Климатология

Климатты, оның қалыптасуын, жіктелуін, Жер шары бойынша таралу заңдылықтарын зерттейді

Гидрология

Табиғи суларды, олардың түрлері мен қасиеттерін, таралу заңдылықтарын зерттейді

Биогеография

Өсімдік қабаты, жануарлар әлемінің таралу, биоценоздардың қалыптасу заңдылықтарын зерттейді

Медициналық география

Қоршаған орта ерекшеліктерінің адам денсаулығы мен өмір сапасына ықпалын және аурулардың географиялық таралуын зерттейді

Табиғи ресурстар географиясы

Табиғи ресурстардың жеке түрлерін және олардың үйлесімін, ресурстарды тиімді пайдалану жолдарын, шаруашылықты дамыту ресурстарының орналасуын зерттейді

Халық географиясы

Халықтың құрылымы, ұдайы өсуі, орналасуы және ұйымдастырылуын зерттейді

Әлеуметтік география

Адам өмірін және еңбек, тұрмыс, демалыс, тұлға ретінде даму тұрғысынан аумақтық ұйымдастыру мәселесін зерттейді

Картография

**Карталарды құрастыру және
пайдалану әдістерін зерттейді**

Геоглобалистика

**Адамзаттың ғаламдық
проблемалары мен оларды шешу
жолдарын зерттейді**

Геоэкология

**Адамның тіршілік ету ортасының табиғат
ерекшеліктерімен өзара байланысын,
табиғи жүйелердің жағдайын, экологиялық
ахуалды зерттейді**

Саяси география

**Саяси үдерістер мен құбылыстарды,
саяси картадағы өзгерістерді, әлемдегі
саяси, әскери, экономикалық күштердің
арасалмағын зерттейді**